



## 16 желтоқсан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛСЫН!

*Еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күніне арналған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымының салтанатты кеші ҚР Әнұранын орындаудан бастау алды.*

Мерекелік кешті ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов өз баяндамасымен ашып, ұжымды айтулы күнмен құттықтады. «Баршаңызды жаңа өміріміздің бастауы болған, ұлтымыздың ұлы мейрамы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі мерекенің еліміздің тарихында, халқымыздың тағдырында алатын орны ерекше. Себебі, кез келген ұлт үшін Тәуелсіздік пен Тендік, Азаттық пен Елдік, Береке мен Бірлік - ең қымбат, ең асыл ұғымдар», – деп атап өтті ректор. Сонымен қатар Ғалым Мұтанұлы егемендіктің оңайлықпен келмегенін, сын кезеңде халқымыздың өз тағдырын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сеніп тапсырғанын айта келе, Нұрлы болашаққа деген кәміл сенімін жеткізді. «Жауапты сыннан Елбасымыз да, еліміз де сүрінбей, үлкен абыроймен өтті. Егемен елімізді бүкіл дүние жүзі мойындады. Қорғанысы қуатты, экономикасы тұрақты мемлекетке айналдық. Тәуелсіздігімізді мәртебелі мақтанышпен айта жүріп, әлемдегі ұлы халыққа айналатынымызға кәміл сенеміз!» – деді ол.

Тәуелсіздік күні қарсаңында ғылым мен білім саласының дамуына және университет өміріне белсенді атсалысқаны үшін арнайы шақырылған қонақтар мен оқу орнының қызметкерлерінен құралған 80 адам «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Осы орайда Бостандық ауданының Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы Хамит Біржанов: «Тәуелсіздік – біздің ең ұлағатты, ең қасиетті мерекеміз. Осы мереке қарсаңында еліміздің жетекші университетінен марапат алу – үлкен құрмет. Білім мен ғылым саласындағы ҚазҰУ-дың орны ерекше. 80 жылдан бері университет қаншама мыңдаған сапалы кадрлар даярлап шығаруда. Білім саласында шарықтап биіктен көріне беріңіздер», – деп игі тілегін жеткізді. Сонымен қатар марапат иелерінің бірі, бас оқу ғимаратының коменданты Галина Шипулина университетте 1982 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқандығын тілге тиек етті.

Жалғасы 4-бетте

## КАЗНУ В НОВОМ РЕЙТИНГЕ QS ЗАНЯЛ 14 МЕСТО

Авторитетное международное агентство «QS Quacquarelli Symonds», на конференции в Будапеште, подвело итоги нового рейтинга «QS University Rankings: «Развивающаяся Европа и Центральная Азия 2014/15».

Продолжение на 2 стр.

## Мерейтойлық марапат

Университет қызметкерлерін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттау рәсімі ҚР Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында өткен ректорат отырысында жалғасын тапты.

Бұл марапат – 80 жылдық терең тарихы мен бай дәстүрі бар университеттің нығаюы мен дамуына өзіндік үлес қосып, ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп келе жатқан қызметкерлерге көрсетілген үлкен құрметтің белгісі. Жұдырықтай жұмылып, ынтымағы жарасқан, білімі мен білігі астақан ҚазҰУ ұжымы бүгінде биіктерді бағындырып келеді. Соңғы жылдар ішінде әлемдік озық университеттер рейтингінде айтарлықтай серпіліс жасаған университет тәжірибесі көпке үлгі болғаны да шындық. Бұл – ҚазҰУ ұжымы еңбегінің жемісі. Осы орайда Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев белсенді қызметімен ерекшеленген кафедра меңгерушілері, факультет декандарының орынбасарлары, оқытушы-профессорлар құрамы, факультет ардагерлері, ректорат, кітапхана, қауіпсіздік және жедел шара қолдану орталығы мен «Қазақ университеті» баспа үйінің қызметкерлеріне салтанатты түрде мерейтойлық медальдарды табыстап, еңбектеріне үлкен табыс тіледі.

Сондай-ақ ректорат отырысында күн тәртібінде 2014-2015 оқу жылындағы үлгерімділік бойынша аралық бақылаудың нәтижелері және қысқы емтихан сессиясына дайындық туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Хикметовтің ақпары және Біліктілікті арттыру институтының жұмысы туралы БАИ директоры Барлық Шайкеновтің хабарламасы тыңдалып, талқыланды.

Өз тілшімізден

### БҮГІНГІ САНДА:

УНИВЕРСАЛЬНАЯ  
ЛАБОРАТОРНАЯ УСТАНОВКА



3-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

100-ЛЕТИЕ СО ДНЯ  
РОЖДЕНИЯ ПРОФЕССОРА  
ХАЛАБИ САЙКИЕВА



5-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

АЙДОС-  
ЧЕМПИОН!



8-стр.

# Құттықтаймыз!

Еліміздің Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін азаматтардың үлкен бір тобы мемлекеттік наградалармен

# марапатталды!!!



Ректор КазНУ награжден орденом «Барыс» III степени

– Получая высокую награду из рук Лидера нации Нурсултана Назарбаева, как никогда сильно чувствуешь гордость за свой народ, который, пройдя непростой многовековой путь, построил независимое государство.

Эту вековую мечту народа воплотил в жизнь наш Президент Нурсултан Назарбаев, выдающийся политик и реформатор современности. Именно благодаря его несгибаемой политической воле, мудрости и таланту лидера на карте мира появилось молодое независимое государство.

За короткое время наша страна, преодолев трудности переходного времени, добилась впечатляющих успехов, став признанным лидером центрально-азиатского региона и играя все большую роль на международной политической арене. И в этом, несомненно, заслуга нашего Президента, Лидера Нации Нурсултана Назарбаева.

Особую заботу и пристальное внимание Президента развитию науки и образования мы прочувствовали во время его недавнего визита в КазНУ им. аль-Фараби. Это дает огромный стимул трудиться на благо страны, вселяет уверенность в завтрашнем дне и вдохновляет коллектив на новые достижения.

Г. МУТАНОВ,  
ректор КазНУ, академик

II дәрежелі «Барыс» ордені



Төлеген ҚОЖАМҚҰЛОВ, ф.-м.ғ.д., профессор – ҚазҰУ ректорының кеңесшісі

«Парасат» ордені



Уахит ШӘЛЕКЕНОВ, т.ғ.д. – ҚазҰУ профессоры

«ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы



Кұралай АҚҚОШҚАРОВА, ф.-м.ғ.к., профессор – жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының еңбек сіңірген меңгерушісі

«Құрмет» ордені



Михаил НАУРЫЗБАЕВ, т.ғ.д., профессор – ҚазҰУ жанындағы Физика-химиялық зерттеулер және талдау орталығының директоры

«Ерен еңбегі үшін» медалі



Наухан АСАНОВ, п.ғ.д., х.ғ.к., п.ғ.д. профессор – жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі

P.S.

«Қазақ университеті» газетінің ұжымы қуаныш иелерін қара шаңырақтың оқытушы-профессорлар құрамы атынан шын жүректен құттықтай, еңбектеріне жеміс тілейді.

Продолжение. Начало на 1 стр.

## КАЗНУ В НОВОМ РЕЙТИНГЕ



## QS ЗАНЯЛ 14 МЕСТО

При составлении топ-100 университетов по новому виду рейтинга, QS исследовала 368 вузов Европы и Центральной Азии. Казахский национальный университет имени аль-Фараби занял в нем 14 место.

При подготовке этого рейтинга были учтены экспертные мнения 64 тысяч ученых и 29 тысяч работодателей, что делает это исследование

крупнейшим в своем роде.

При проведении рейтинга QS «Развивающаяся Европа и Центральная Азия» учитываются популярность учебного заведения среди академического сообщества и потенциальных работодателей, частота упоминаний в прессе и цитируемость ученых, процент трудоустройства выпускников, доля иностранных

преподавателей и студентов от общего числа научно-педагогического персонала и слушателей, соотношение числа студентов и преподавателей.

Новый рейтинг университетов охватил 30 стран развивающейся Европы и Центральной

Азии. В представленном топ-100, большую долю заняли российские университеты – 26, затем Чехии и Турции – по 10 вузов, Польши – 9, Казахстана – 8, Венгрии и Украины – по 6.

Рейтинги QS являются одними из самых известных и

общепризнанных в мире, широко используются абитуриентами и студентами, специалистами в сфере высшего образования и государственными органами.

Пресс-служба КазНУ

«QS University Rankings: «Дамушы Еуропа және Орталық Азия 2014/15» жаңа рейтингінде ал-Фараби атындағы ҚазҰУ 14-орынға ие болды



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛСЫН!



Ол: «Мен студенттермен 14 жылдан бері жұмыс істеп келемін. ҚазҰУ-да студенттер терең біліммен қатар тәлімді тәрбие алып, үлкен өмірге қанат қағуда. Олардың көбі бүгінде отбасын құрып, ата-ана атанды, өмірден өз орнын тапты. Бәріне біз куәміз. Менің көз алдымда ҚазҰУ да жылдан-жылға өсіп келеді», – дей келе, үлкен алғысын білдірді. Ал заң факультетінің 4-курс студенті Әйгерім

Серікжанова: «ҚазҰУ студенті болу – үлкен мәртебе. Университет студенттерді тек білім нәрімен сусындатып қоймай, тұлға болып қалыптасуына ықпал етуде. Ел элитасын тәрбиелеп келе жатқан қасиетті кара шаңырағымызға айтар алғысымыз шексіз!» – деп өз әсерімен бөлісті.

Бұл кеште Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Жәмила Серкебаева мен Қазақстан

Республикасының Халық әртісі Мұрат Серкебаев жетекшілік жасайтын Алматы қаласы әкімінің концерттік оркестрі ҚазҰУ ұжымын Тәуелсіздік күні мерекесімен арнайы құттықтап келді. Жиналған көпшілік қауым күмбірлеген күй тындап, әсем әуен ырғағында би биледі. Оркестр орындауындағы Құрманғазының «Сары Арқа», Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйі, В. Моцарттың Рондо, И. Штраустың

«Весенние голоса», П. Чайковскийдің ішекті аспаптар серенадасы мен өзге де музыкалық туындылар бір серпілтіп тастады. Сонымен қатар студенттік «Бакыт» би ансамблі мың бұрала би билеп, кештің көркін арттыра түсті. Кештен үлкен әсер алған қауым «Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, іргесі берік болсын!» деген тілекпен таркасты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## Егемендік – ел бақыты, ертеңі



Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолына түсті. Өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Еліміздің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктеріне шолу жүргізу әрі жастардың отансүйгіштік сезімін

қалыптастыру мақсатында химия және химиялық технология факультетінде «Ұлт бірлігі – ынтымақта» атты кеш өтті. «Бүгінгі Қазақстан – өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан

Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың пікіріне әлем саясаткерлері ықылас қоятын болды» – дей келе, жүргізушілер топ студенттері дайындаған Елбасымыздың өмір жолы туралы бейнематериалға назар аударуға шақырды.

Кеште бүгінгі Қазақстанның жарқын келбетіне арналған слайд көрсетіліп, студенттердің орындауында белгілі қазақ ақындарының өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. Сонымен қатар мың бұралған билер де орындалды. Біздің мемлекетіміз – бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берген ел. Осыған орай елімізді мекендеген ұлт өкілдерінің билері де нақышына келтіре орындалды. Еліміздің егемендігін өзінің шығарған өлең жолдарына қосқан Молдабекова Балнұрдың да болашақта елінің мәртебесін көтеретін азаматы болатынына күмән жоқ.

Аталған топтардың эдвайзерлері ретінде топтың ұйымшылдығы мен ауызбірлігінің ұйытқысы болған топбасшылар – Ақпар Шырын, Тілдан Жансая және Бектемирова Адинаға ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді. Студенттердің белсенділігі мен ұйымшылдығын ескере отырып, оларға марапаттау қағаздары тапсырылды. Болашақ ұрпақтың еліне деген сүйіспеншілігі мен отансүйгіштік сезімін қалыптастыруда мұндай іс-шаралардың өткізілуінің маңызы өте зор екенін атап өткіміз келеді.

Л.М. ТУГЕЛБАЕВА,  
Р.К. АШКЕЕВА,

жалты және  
бейорганикалық химия  
кафедрасының доценттері

ҚазҰУ-дың «экология» мамандығы магистранттары ШыҰ университетінің бағарламасы бойынша шетелде білім алуда

# 100-летие со дня рождения профессора Халаби Сайкиева

Преподаватели кафедры русской филологии, русской и мировой литературы в рамках проекта «Айналанды нұрландыр» организовали и провели круглый стол «Истинный рыцарь науки», посвященный 100-летию профессора Х.Сайкиева.

С приветственным словом мероприятие открыл декан факультета филологии, литературоведения и мировых языков О.Абдиманулы. С рассказом о яркой жизни Х.Сайкиева и о его сорокалетней деятельности в нашем университете выступила заведующий кафедрой русской филологии, русской и мировой литературы Б.Джолдасбекова.

Сайкиев Халаби Мухитович – первый казах, защитивший в 1950 г. кандидатскую диссертацию по русскому языку на Ученом совете МГУ им. М.В.Ломоносова. В разные годы работал деканом филологического факультета, заведующим кафедрой общего языкознания, проректором по учебной работе, и.о. ректора. С 1953 по 1956 г.г. – Директор института языка и литературы АН КазССР. С января 1962 – заведующий вновь созданной кафедры русского языка КазГУ.

Сайкиев был известен как высококвалифицированный лектор по теоретической грамматике, в преподавании которой он стоял на позиции русского классического языкознания. Халаби Мухитович в начале своей деятельности занимался теорией предлогов, а затем пришел к грамматическим категориям. Его труды по этим проблемам исполнены глубокого содержания, выводы подкреплены огромным количеством

фактического материала, примеров, что обычно было свойственно трудам представителей отечественной русистики. В студенческой аудитории он был пропагандистом взглядов Ф.Фортунатова, Б.Кургене, Л.В.Щербы, А.А.Шахматова, В.В.Виноградова, своего учителя Н.М.Петерсона и других ученых. Его научные труды – это исследования грамматики русского языка на таких уровнях как фонетика и словообразование, морфология и синтаксис.

В ходе мероприятия ученица Х.Сайкиева доцент Р.Кожамкул поделилась воспоминаниями о своем учителе: «он автор монографий, более 30 научных трудов по сопоставительной грамматике русского и казахского языков, 18 учебников и учебных пособий». Рената Сералиевна торжественно передала в фонд библиотеки Аль-Фараби рукопись кандидатской диссертации ученого.

«Халаби Мухитович был тонким знатоком как русского, так и казахского языков. Он подготовил целую плеяду компетентных преподавателей филологов-русистов. Всегда бодр, подтянут и красив, удивительно интеллигентен», – поделилась воспоминаниями другая ученица профессора Галина Васильевна Ким.

«Мы не ожидали такого добродушия и почитания памяти Халаби Мухитовича.



Мы «отогрелись» душой...», – выразили свою благодарность коллективу факультета и кафедры за приглашение на мероприятие близкие Х.Сайкиева.

Также выступили и другие участники круглого стола, кому посчастливилось лично знать великого ученого, посвятившего жизнь служению науке. Студенты порадовали гостей концертом.

Дмитрий Менделеев когда-то сказал: «Вся гордость учителя в учениках, в росте посеянных им семян». Давайте будем трудиться так, чтобы учителям не было стыдно за своих учеников, чтобы люди гордились нами.

И мы надеемся, что полученные впечатления от прикосновения к истории факультета, научной деятельности великой личности Халаби Мухитовича Сайкиева надолго останутся в сердцах филологов и будущих поколений любителей русской словесности.

**Б. ДЖОЛДАСБЕКОВА,**  
д. ф. н., профессор,  
зав. кафедрой русской филологии,  
русской и мировой литературы,  
**К. КЕНЖЕЕВА,**  
старший преподаватель кафедры

## ДІНТАНУ САЛАСЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасында «Қазақ университеті» баспасының жетекші маманы С. Жылқайдарова мен философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұйымдастыруымен «Дін және қоғам: заманауи дискурс» атты ұжымдық монография (авторлары: Н.Ж. Байтенова, А.А. Демеуова, Д.М. Кокеева) мен «Қазақстандағы діндер» атты оқу құралының (авторлары: Н.Ж. Байтенова, А.Д. Курманалиева, Ш.С. Рысбекова, Б.Қ. Бейсенов, Қ.М. Борбасова, Қ.А. Затов, Б.Б. Мербаев, С.У. Абжалов) тұсаукесері болып өтті.

Аталған шараны еліміздегі жас ғылым саласы – дінтанудың өркендеуіне, дінтанулық білім беруді жетілдіруге қосылған орасан зор үлес деп бағаласақ, артық айтқандық емес. Себебі адамзаттың тарихынан бастау алған руханият саласындағы бірден-бір қоғамдық сананың түрі – діни дүниетаным ешұақытта назардан тыс қалған емес және тұлғаның саналы ғұмырындағы алар орнын жоққа шығарып тастау мүмкін емес. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде қоғамдағы күрделі нарықтық-экономикалық өзгерістермен қатар рухани өмірдің де басқа арнаға бұрылу үдерісі

басталды. Кешегі құндылықтардың орнын жаңа, соны құндылықтар басып, адамдар арасында аномиялық құбылыстар белең ала бастады. Осы сындарлы сәттерде еліміздің рухани кеңістігінде бос қуыс, «вакуум» калыптасып, рухани тірек іздеген жандардың сұранысын қанағаттандырар тұщымды ұсыныс болмағыны шындық. Өткенді оралтуға, өзіне жат болып, ұмытыла бастаған рухани бастамалар өзінің тілімен, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дінімен қайта қауышуға ынтызарлық халықтың талғам мен объективті жағдайды ескермей, әсіресе дін саласындағы жіберілген олқылықтарға алып келгені

аян. Осындай ағаттықтың нәтижесінде діни сауатсыздықты пайдаланаған теріс пиғылдағы біздің ұлттық ділімізге жат, дәстүрлі емес, радикалды ағымдар елімізге дендеп еніп, елдің қозғаушы күші болып табылатын жастардың діни фанатизмнің жетегінде кету қаупі туындағаны рас еді, ал бұл өз кезегінде қоғамдағы дезинтеграциялық құбылыстарға әкеп соғары әбден мүмкін болатын.

Бірақ Қазақстан өзінің болашаққа бой серметер ұлттық идеологиясы мен бағыт-бағдарын айқындаған зайырлы мемлекет ретінде мұндай олқылықтарға жол бермесі айқын еді. Ал бұл жолда ұлт болашағы жастардың бойына тәрбие мен білімді егіз ұғым ретінде сіңіретін ұстаздар қауымының алдында тұрған жауапкершілік өте ыждаһаттылық пен тағаттылықты үйлестірген білім беруді талап етті. Бұл орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы оқытушы-профессорлар құрамының қосқан үлесін арнайы атап өту қажет. Накты айтқанда, дінді объективті тұрғыдан түсіндіретін, ғылыми бағытта жазылған дінтанулық әдебиеттердің алғашқы кезде кемшін соққан тұстарын жою, ЖОО-дағы дінтану саласында жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының саны мен сапасын өз деңгейіне жеткізуде ауыз толтырарлық табыстарға қол жеткізілді. Бүгінгі аталған іс-шара осы бағыттағы жүргізіліп жатқан іс-әрекеттердің бірі. Қазақстанға белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Байтенова Нағима Жаулыбайқызы басшылығымен жазылған бұл кітаптарды уақыт талабынан туындаған сұранысқа ұсыныс ретінде атап өтуге болады. Аталған еңбектерді жазуда өзіндік үлес қосқан дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұстаздары: ф.ғ.д., профессор Курманалиева Айнұр Дүрбеленқызы, ф.ғ. д., профессор

Рысбекова Шамшия Сайдығалиқызы, ф.ғ.д., профессор Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы, ф.ғ.д., профессор Затов Қайрат Айтбекулы, ф.ғ.д., профессор Бейсенов Бағдат Қайбылдаұлы, ф.ғ.д., профессор Демеуова Айгүл Амангелдіқызы (Ақтау), доцент Мейрбаев Бекжан Берікбайұлы, доцент Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы, доцент Кокеева Дариға Молдағалиқызы (түркітану және үндітану кафедрасы) бар. Бұл еңбектерде жалпы Қазақстандағы діни хал-ахуал, еліміздегі дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер, қоғамның оларға деген көзқарасы жан-жақты қарастырылып, объективті тұрғыда жазылған. Аталған оқу құралдары студенттер, магистранттар мен докторанттарға, Қазақстандағы діни хал-ахуалдан жалпы хабар алғысы келетін оқырман қауымға арналып жазылған әрі құнды мәліметтерге және жаңа ақпараттарға бай. Оны кезекпен сөз алған еңбектің авторлық ұжымы жан-жақты талдап, кітапта жазылған жайдан жалпы мәлімет берді. Атап айтқанда, Қазақстандағы дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер сала бойынша топталып, жіктелгендігі өз алдына, сонымен қатар олардың наным-сенімдері мен діни доктриналары, постулаттары, догмалары жайлы объективті тұрғыда баға берілген. Кітап презентациясы ғылыми семинарға ұласып, дін мәселесіне қатысты пікірлер ортаға салынды.

Дін мемлекеттен бөлек болса да, қоғам діннен алшақ өмір сүре алмайтыны белгілі, бірақ зайырлы мемлекеттің талаптарына сай дін тікелей өз функциясын атқаруы тиіс екендігін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіре білетін жана, құнды еңбектердің дүниеге келуі көңілге қуаныш ұялатады.

**Қайсар ТУҒАНБАЕВ,**  
дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының Ph.D докторанты





Магистрант 2 курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ Айдос Сейпилулы стал чемпионом мира по казакша күрес в весовой категории 55 кг.

## АЙДОС — ЧЕМПИОН!



На V Чемпионате мира, который проходил 5-7 декабря в г.Оренбург (Россия), Айдос завоевал медаль высшей пробы среди палуанов из тридцати семи стран мира. Традиционно фаворитами этого вида спорта были представители Казахстана. В финальном поединке Айдос встретился с Хасаном Юсуповым из Узбекистана и сумел одержать победу над соперником.

На казахстанской арене А.Сейпилулы является лидером в своей весовой категории. Он родился в Восточно-Казахстанской области, с ранних лет решил заниматься национальным видом борьбы. Начало чемпионской карьеры было положено в 2000 году. Спортсмен был

серебряным призером Чемпионата Республики Казахстан среди юниоров, позже стал двукратным чемпионом в старшей категории. В этом году Айдос получил звание мастера спорта по дзюдо. Подготовку к чемпионату мира Айдос проводил в г.Семей под руководством личного тренера Ербола Мырзабосынова.

Чемпион твердо решил, что не собирается останавливаться на достигнутом. Айдос планирует готовиться к предстоящим мировым первенствам и в дальнейшем одерживать победу.

**Ернур ДОСЖАНОВ,**  
студент 4 курса  
факультета журналистики

## Мағылымды кеш

Жуырда “Сұңқар” студенттер кәсіподағы” қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «Біз де студент болғанбыз» атты шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Кеш қазақ айтысының аруы Айнұр Тұрсынбаеваның өнері мен шығармашылығына арналды. ЭЖБЖМ мен журналистика факультеті студенттерінің қатысуымен өткен кеш еркін түрде сұрақ-жауап түрінде өрбіді.

Ең алғаш рет Айнұрдың ықыласын өлең өнерінің төріне сүйреген алғашқы ұстазы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болса керекті. Ол Айнұрдың бойындағы талант ұшқынын мектеп жасынан байқап, республикалық айтыстарға жетектейді. Осы сәттен оның бағы жанып, жұлдызы көкке көтеріле бастайды.

Айнұр апайдың айтуынша, ерекше бағалайтын қасиеті адалдық екен. Оған оның мына бір сөзі дәлел бола алады. «Адам әділетсіз болғанымен, Алла — әділетті. Мысалы, сахнада жүрген адамдардың өміріне көңілі толмайтын сәттері болады. Сондықтан да өнерде болсын, өмірде болсын, жалпы қоғамның қай саласында болмасын адам өмірінің әр сәтіне қуанып, адалдықты бағалағаны жөн. Яғни адамның істеген жамандығы да, жақсылығы да алдынан шығатыны сөзсіз. Сондықтан адалдықпен ғұмыр кешу — ең басты парызым» деп өз сөзін көркем де мағыналы қылып жеткізді.

Айта кеткім келетіні, үстіміздегі жылдың қазан-қараша айларында халықаралық Turkvi-зуон-2014 байқауы өткізілгені баршамызға мәлім. Ондағы әділ-қазылардың ішінде айтыстың еркесі Айнұр Тұрсынбаева да болды. Сол байқауда оның ән сөзіне ғана емес, сазды үніне де терең мән беретінін байқаған едік. Ол әуенді ерекше бағалап, құрметтейтінін айтқан. Сондай-ақ жастардың өлең жазу мен ән айтудағы аяқ алысына сыни көзқараспен қарап, алдыңғы толқын өкілі ретінде апалық тілегін жеткізген. Мәселен, ең алдымен, адам сөзге мән беру қажеттігін насихаттайды. «Адам бақытты болғысы келе ме — бақытты ән тындауы тиіс. Өйткені ән адам өміріне тікелей әсер етеді», — дейді Айнұр апай.



Кеш барысында айтыс өнерін дүлдүлі Айнұр Тұрсынбаева мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің талантты студенті Саягүл Бірлесбекқызы айтысып, кездесудің көркін қыздыра түсті. Тартымды әрі қызықты апалы-сіңлілер айтысында Саягүл:

Айнұр апа бізге жок бөтендігін,  
Шабытымды қайратып өтем бүгін,  
Мен-дағы шығыс жақтан келген қызбын,  
Арналсын ағайынға шекер жырым...  
десе, Айнұр апаймыз:  
Айнұр апандай бұйыртса,  
Айдынына айтыстың  
Акку боп сен де конарсың,  
Мен де сендей болғанмын,  
Сен де мендей боларсың.  
деп ізгі тілегін білдірді.

Жүрегі өлім, жерім деп соғатын жастардың санасы тұнық, ой-өрісі кең, жолы ашық болуы үшін алдыңғы толқын аға-апаларымыздан үлгі алу аса қажет деп білемін. Жастармен кездесуге арнайы келген Айнұр апаймызға және осындай тағылымды кешке мұрындық болған “Сұңқар” студенттер кәсіподағы” қоғамдық бірлестігіне айтар алғысымыз шексіз.

**Айжан ТОҚШЫЛЫҚОВА,**  
журналистика факультетінің  
3-курс студенті

## 80 ЖЫЛДЫҚҚА — «80 ТЕҢГЕЛІК ТҮСКІ АС»

“Сұңқар” студенттер кәсіподағы” қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен барша қасиетті қара шаңырағымыздың 80 жылдығына орай қазулықтарға мерекелік көңіл-күй, қуаныш сыйлаған «80 теңгелік түскі ас» қайырымдылық акциясы өтті. ҚазҰУ-дың 75 жылдығынан бастау алған бұл акция биылғы жылы 5-рет өткізіліп отыр.



Акция ҚазҰУ-дағы «Ай-Тұмар» қоғамдық-тамақтандыру орталығының ғимаратында өтті. Тамақтандыру орталығының директоры Сара Шаяхметқызы: «Бүгінгі акция — дұрыс тамақтану салтын сақтауға қосып жатқан үлес. Жастар арзан, бірақ дәмді, құнарлы тағамдармен тамақтанды. Біз де тамақтың дәмді болуына барынша күш салып жатырмыз», — деді. Күннің суықтығына қарамай, акцияға жастар өте көп келді. Шара сондай-ақ қызықты ойындарға, бағалы сыйлықтарға, көптеген тосын сыйларға толы болды. «Студенттің тойғаны — шала байғаны» демекші, 1000-ға жуық студент жастар тіл үйіреп тағамдардан дәм татып, «сұңқарлықтар» дайындаған мерекелік концертті тамашалап, әртүрлі қызық ойындар ойнап, көтеріңкі көңіл-күймен қайтты. Қызықты ойындарға белсене араласып, жүлделі орын алған студенттер сыйлықтармен марапатталды.

Акцияға сексенінші болып келген биология және биотехнология факультетінің студенті Қасқабай Нұржанға және он бесінші келген қонақ география және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Наргизге “Сұңқар” студенттер кәсіподағы” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сыдықова Айдана «ҚазҰУ» атауы жазылған киімдер табыстады. Сыйлықтар мұнымен шектеліп қалған жоқ, интеллектуалды ойындар ойнатылып, жеңімпаздарға «ALEMNUR» оқу орталығының арнайы сертификаттары берілді. Сонымен қатар, студенттер игілігі үшін пайдалы сыйлықтар үлестірілді.

Бұл күн, бұл шара бұрынғылардан өзгек болды! “Сұңқар” студенттер кәсіподағы” қоғамдық бірлестігі қашан да студенттер игілігі үшін қызмет етеді.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
**Шұғыла МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы — **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер — **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. “Гамма-принт” баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**

**Таралымы 1000 дана.**  
**Тапсырыс №1579**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.